- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технология құралдарын қолданудың басты мақсаты - оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттары:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.
2. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Компьютер адамның зерттеу - танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшеленеді.
3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымды құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

4. Құрал бітімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.
5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен - күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық - коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Қазіргі заманда шымсыз жан - жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 29 қаңтар 2011 жыл Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу өзіңнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін»- деді. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу - қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек.

Біздің мемлекетімізде жаңа телекоммуникациялық құралдың дамып келе жатқаны айқын. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барсында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы тиімділігі онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа философиясы (шығармашылығы) енгізілді. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп сабағында және білім беру процесінде терең қолдану. Ең тиімді программалардың бірі Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамсыз етін, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашылдықпен қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамсыз етеді. Жаңа замандағы-Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу процессіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді. Жаңа замандағы - Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу процессіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді. Білім саласындағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз. Сондықтан біз тек Қазақстанның ішінде ғана емес, әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті жастарды дайындай білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізбесі:

1. Қадашева Қ. Жанаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханадағы қазақ тілі (пед.ғыл.докт.диссерт.) – Алматы: 2001 ж.
2. Асанбайқызы С. «Шет тілі сабақтарында жаңа технологияны қолданудың маңыздылығы», Алматы, «Қазақ тілі мен әдебиет» ғылыми - педагогикалық әдістемелік журнал. 2010, № 7.
3. Зимняя И.А. психология обучения иностранным языкам в школе. –М.,1991
4. Құрманова Б. «Қазақ тілін оқытудың әдістері», Алматы, «Қазақ тілі мен әдебиет» ғылыми - педагогикалық әдістемелік журнал. 2009, № 12.
5. «Мектептегі шет тілі», Алматы, 2005.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала жаңа ақпараттық технологияларды ағылшын тілі сабағында тиімді пайдалану айқындап береді. Осы орайда білім әлемінде көптеген оқыту технологиялары қолданысқа еніп, әр оқытушының іс-тәжібіресінен орын алуда. Білім саласындағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз

АННОТАЦИЯ

Аторами статьи рассматриваются достижения в области образования которые непосредственно зависят от профессионализма специалиста. Статья рассматривает технологии которые входят в арсенал практики каждого преподавателя английского языка.

ANNOTATION

The authors of the articles reveal achievements in the field of education which are directly dependent on the professionalism of a specialist. The article examines the technologies that are the parts of the arsenal of practice of every professor conducted English classes.

© Теңізбаев Талғат – аль Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
«Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы» кафедрасының аға оқытушысы

**КАФЕДРА ДЕНГЕЙІНДЕ СТУДЕНТТЕРМЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУДІН
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессорлар-оқытушылар құрамы студент жастарға білім беріп қана қоймай, тәрбие жұмысына, студенттердің тұрмыс – тіршілігіне аса көңіл бөліп отырады. Оқытушылар тарапынан ұйымдастырылатын іс-шаралар оқу барысын да, студенттердің сабақтан бос уақытын өткізу жағдайында, дене тәрбиесі мен болашақ алатын мамандығына байланысты шаралар мен машықтану тәжірибесін де қамтып жатады.

Оқытушылар ұйымдастырып отыратын кафедра деңгейіндегі шараларға бүкіл кафедра болып атсалысып, атқарылатын шаралар бұқаралық сипатқа ие болады. Кафедра деңгейінде ұйымдастырылатын шаралардың ішінде куратор-эдвайзерлер тарапынан кураторлық

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY AFTER AL-FARABI**



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ТҮРКІЛІК КЕҢІСТІК: ЖЕТІСТІКТЕРІ
МЕН БОЛАШАҒЫ» атты халықаралық ғылыми-теориялық
конференция**

Алматы, 24-25 сәуір 2014 жыл

**Международная научно-теоретическая конференция
«КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ОБЩЕТЮРКСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
ПЕРСПЕКТИВЫ И БУДУЩЕЕ»**

Алматы, 24-25 апреля 2014 года

**International scientifically-theoretical conference
«KAZAKH LANGUAGE AND COMMON TURKIC SPACE: PROSPECTS
AND FUTURE»**

Almaty, 24-25 April 2014

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

<i>Алишина Х.Ч.</i> Морфологическая структура тоболо-иртышского диалекта сибирских татар	4
<i>Масакова Г.</i> Rezeptive mehrsprachigkeit am beispiel der turksprachen	7
<i>Хусаинова Л.М.</i> К классификации письменных языков и письменности	12
<i>Рамазанова А.</i> Жанр баяты (мани) в структуре эпоса арзу и камбер: сравнительное исследование	16
<i>Makisheva M.K.</i> Perspectives of the Kazakh language in the common Turkic space	20
<i>Набиева З.</i> Общие вопросы сравнительной грамматики тюркских языков	25
<i>Момынова Б.Қ.</i> Просодика және фонация: бірліктері жөнінде	28
<i>Әмір Р.С., Әлімтаева Л.</i> Шығыс септігіндегі сөзді меңгеріп құрылған етістікті, есімді сөз тіркестерін тану мәселелері	33
<i>Сағындықұлы Б.</i> Түркі тілдеріндегі көмектес септігінің даму тарихы	37
<i>Смағұлова Г.Н.</i> Түркітану: қазақ лексикологиясының мәселелері	41
<i>Шалабай Б.</i> Мәтіндегі баяндау түрлерін ұйымдастыруда етістіктің шақ категориясының рөлі	46
<i>Әлкебаева Д.А.</i> Функционалды стилдердегі сөйлем түрлерінің стилистикалық ерекшеліктері	51

I СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ, ТІЛДІ ЗЕРТТЕУДІҢ СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ, ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ, КОГНИТИВТІК БАҒЫТТАРЫ

<i>Абдраманова Ж.</i> Қара өлеңдегі жылқы концептісі	55
<i>Абдурахманова И.Т.</i> Сыпайылық ұғымының лингвомәдени сипаты	58
<i>Абылова Г.Е.</i> Ақын-жыраулар поэзиясында соғыс концептісінің ерекшеліктері	61
<i>Айтаева А.</i> Сөйлеу мәдениеті мен сыпайылықтың ара қатынасы	66
<i>Айхынбаева Ұ.</i> Терминжасамның өнімді тәсілдері	71
<i>Ақымбек С.</i> Екпін – синтагма сомдаушы бірлік	74
<i>Асмондьяров В.Н.</i> Некоторые методологические аспекты сопоставительных исследований диалектных данных в контексте когнитивных сфер (на материале диалектологических атласов уральских и алтайских языков)	79
<i>Дүйсенова Ф.</i> Қазіргі жастардың сөйлеу стиліндегі стилистикалық коннотация	84
<i>Жаңабаева Н.А.</i> Фразеологизмдерді топтастыру түрлері	87
<i>Жаримбетова Р. Н.</i> Спорттық туризм терминдерін аударудағы ерекшеліктер	91
<i>Исакова У.</i> Саяси метафораның өзгешеліктері	96
<i>Куркебаев К., Бекмырзаева М.</i> Қазақ тіліндегі неологизмдердің қолданысына лингвистикалық-экспременттік сараптама	99
<i>Қайдарова Г.К.</i> Қазақ тіл біліміндегі буын теориясы жайлы көзқарастар	104
<i>Қасым Б.</i> Семантика: лексикалық және уәжділік мағыналар	109
<i>Қожабекова Г.</i> Әлемнің тілдік бейнесі және ғылыми түсінігі	113
<i>Мулдағалиева А.А., Окушева Г.Т.</i> О категории будущего времени в современном английском языке	118
<i>Муталиева А.</i> Варваризмнің тілдік табиғаты	122
<i>Рахман Г.</i> Қазақтың ою-өрнегі және оның қытай қазақ диаспорасындағы	

<i>Альмурзина Г.М.</i> Совершенствование профессионально-коммуникативной компетенции на казахском языке на поствузовском этапе	233
<i>Ахметқалиева Л.Ж.</i> Мезгіл мәндегі үстеулердің функционалды-семантикалық өрісте көрініс табуы	237
<i>Әлкебаева Д.</i> Функционалды стильдердегі сөйлем түрлерінің стилистикалық ерекшеліктері	239
<i>Әлкебаева Д. Жүнісова А.</i> Функционалды грамматика: ұғымдық категориялардың теориялық негіздері	243
<i>Әлкебаева Д. Жүнісова А.</i> Функционалды семантикалық өріс теориясындағы уақыт пен кеңістік категориялары	247
<i>Әміров Ә.Ж.</i> Термин жасау барысында қолданылатын кейбір әдіс-тәсілдер	253
<i>Бакиева Ә.К., Байбатанова Ф.І.</i> Қазақ тілін кәсіби бағытта оқытудың өзекті мәселелері	256
<i>Балғабәева Ә.</i> М.Әуезовтің Абай жолы роман-эпопеясындағы түстердің функционалдылығы мен функционалды – семантикалық өріс құруы	260
<i>Гу Джи Юн.</i> Тыңдау техникаларының диалог құрудағы тиімділігі	264
<i>Ермакашева Э.</i> Абай қарасөздеріндегі ойталқыны тілдік құрылымына қарай талдау	267
<i>Ескермесова Г.А.</i> Тұрлаусыз мүшелердің сөйлемді жайылмаландыру функциясы	272
<i>Жамбылқызы М., Рахимбаева Р.М., Ибраимова Э.Б.</i> Ағылшын тілі сабағында студенттердің сөйлеу тілінің белсенділігін арттыруда ойын элементтерін тиімді пайдалану	276
<i>Жұбаева О.</i> Грамматикалық концептосфера – тілдік сананың ажырамас бөлшегі	281
<i>Кенжеқанова Қ.К.</i> Газет мәтінінде прагматикалық функцияның берілуі	286
<i>Мамаева М.Қ.</i> Тест тапсырмаларының формасы және оны оқу үдерісінде қолдану	290
<i>Маселова К.М., Байбатанова Ф.И.</i> Экономика факультетінің орыс топтарында оқытын студенттерге кәсіби лексиканы меңгертудің әр түрлі тәсілдері	294
<i>Мешімбаева Б.Ш., Есімжанова Г.Т.</i> Кәсіби орыс тілін мамандыққа сәйкес мәтіндер негізінде оқыту	300
<i>Нуржанова Г.К.</i> Қазақ тілі пәнін оқытудың озық технологиялары	303
<i>Райымқұлова Қ.</i> Оқыту технологияларының негізгі ерекшеліктері	306
<i>Сакенова Б.И.</i> Жеткіншек ұрпақты азаматтыққа және отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесіндегі қазіргі көзқарастар	311
<i>Скаков А.М.</i> Жаңа ұрпақты әскери – патриоттық тәрбиелеу	316
<i>Сүйінбаев О.</i> Функционалды грамматиканың зерттеу бағыттары (ішкі теориялық мәселелері)	320
<i>Түсіпқалиева Р.Қ., Иманқұлова С.М.</i> Студенттердің жеке тұлғалық белсенділігін артыру	323
<i>Хасанов Ф.Қ.</i> Коннотаттық семалардың грамматикалық тәсілдермен жасалуы	326
<i>Жусанбаева С.</i> Тест және тест тапсырмаларының мазмұны	331

Мекен нысықтауыш:

- 1) мекендік үстеу
- 2) үстеу + рақ/рек
- 3) жатыс септігіндегі сілтеу есімдіктері мен зат есімдер
- 4) барыс, шығыс, көмектес септігіндегі зат есімдер

Мақсат нысықтауыш:

- 1) тұйық етістік + барыс сеп. Тындауға келдім
- 2) зат есім + ғалы. Сәлем бергелі.
- 3) Мақсат үстеу арқылы
- 4) Есім+үшін шылауы
- 5) қалау, бұйрық рай + деп, көмекші етістік
- 6) барыс септікті есім + бола (оқуға бола)

Себеп нысықтауыш:

- 1) – дықтан, -діктен
- 2) -шығыс жалғаулы есімше. Көп сөйлегеннен шаршадым.
- 3) Есімше + соң, себепті шылауы
- 4) Сондықтан, сол себептен, солай болғандықтан
- 5) Есімдерге үшін шылауы косуы арқылы

Амал(қимыл-сын) нысықтауыш:

- 1) Көсемшелер (ойлана қарады, жүгіріп барып есікті ашты)
- 2) қимыл-сын және мөлшер үстеулер (бірге шықты, осылай айтты)
- 3) қимылдың сапасын білдіретін сын есімдер (жақсы оқиды)
- 4) еліктеуіш сөздерден (жалт қарады)
- 5) шығыс септігіндегі сан есімдер (үш-үштен алды)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Еркекова Т. Синтаксис. Алматы, 2007. – 160 б.
2. Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи. Ленинград: Наука, 1978. – 385 б.
3. Балақаев М, Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы: Мектеп баспасы, 1998.

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ
БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН
ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

*Жамбылқызы М., Рахимбаева Р.М., Ибраимова Э.Б.,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті халықаралық қатынастар
факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушылары*

Резюме: В данной статье рассматривается использование различных видов игр в занятиях иностранного языка. Использование ролевых игр благоприятно влияет на усвоение материала.

Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін ойландыратын үрдіс. Ойын түрлері көп. Соның ішінде жие колданыстағы ойындар

ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойындар т.б..

Әдісінің аты жәй ғана қарапайым жеңіл сөз ойын атауынан тұрғанымен де, оның сабақтардың ағылшын тілін үйренулеріне үлкен қызмет атқаратынын көреміз. Сабақтың барысында әдіс тәсілдің қарапайым осы түрі ойын атау сөзін қолдана отырып, сабақтардың ішкі жан дүниелік ынтасын, іздену дағдысын қалыптастырғанын ескергенде, оның тілді үйренуде үлкен маңызды қызмет атқара алатындығына көзіміз жетеді. Ойын пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, сабақтарға тапсырманы жеңіл меңгерулеріне жағдай жасалынып, саналарында өтілген материал берік сақталатынын да атап айтуға болады.

Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған Ф.Врубель. Ойын арқылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді дейді. М.Лазарус жұмыстан кейін демалу ойынын, Г.Спенсер ойын арқылы денедегі артық энергияны шығару, К.Крус тіршілік күреске әзірлеу ойындарының, С.Л.Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының пайдаланып жасады. Ойын туралы қазіргі көзқарастар оның көптеген қызметін анықтап отыр. Ол баланың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандырып, оның өмірге қызығуын жеңілдетеді (Д.Б.Эльконин), болмысты тануға көмектеседі. Ойын арқылы бала қызығу алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге үйренеді, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Оқушылар ертегілерді, аңыздарды, әдебиет еңбектерін, өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерді ойнайды.

Шет тілін оқуға қызығушылықтың өсуі — қазіргі заман ерекшелігі. Қазіргі заман үшін шетел тілін білуі — оның карьералық өсуінің, табысқа жетуінің, қызықты өмір сүруінің негізгі кепілі. Шетел тіліне деген қызығушылықтың өсуі ұстаздарға үлкен жауапкершілікті әкеліп жүктейді. Әр сабақтың қызықты, әрі тартымды өтуіне сабақта оқушының шығармашылық тапсырмалар мен ойындар қамтамасыз етеді. Қазақ тілінің даналық сөзі Ойында озған, өмірде де озады дейді.

Оқытушының басты міндеті — студенттердің қызығушылығын арттыру, олардың оқуға жағдай туғыздыру, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Осы мақсаттарды көздей отырып, сабақтарда ағылшын тілі сабағында ойын түрлерін қолданудың маңызы зор. Соның ішінде ойындарды пайдалану арнайы бір мақсатта тілді меңгеруге, пәнге деген қызығушылықты арттырады. Әрбір сабақта қолданылатын ойын түрлері белгілі мақсатқа арнайы қолданылады. Ойын түрін сабақ барысында қолдануда студенттердің білім деңгейі де, дағдыланғандықтары да оқытушыға белгілі болады. Әсіресе, рөлдік ойындарда сөз етілгенде тек студенттердің ғана емес, сонымен қатар оқытушылардың да ойын түрлендіріп жүргізуге қызығушылықтары артатындығын айтуға болады, ойындар арқылы оқытушылар сабақтарын жандандыра алады. Рөлдік ойындардың басқада маңызы мәнi --- сабақ барысында студенттердің назарын білім алуға ынталандырады. Ойын ұйымдастырылған ойын түрі сабақта тілдің тиімді қолдануына жағдай туғызады. Сабақтардың алдарына мәселе қойылады, оны шеше отырып студент ағылшын тіліне қызығушылық қарым-қатынас құралы ретінде көңіл бөліп, ағылшын тілін қолданыста алып қолдануларына мүмкіншілік жасауға тырысады. Сонымен қатар, ойын түрлері әрқашанда оқушының лексика және грамматикалық структураларды қайталауға да жағдай туғызады.

Рөлдік ойындар студенттердің болашақ мамандығының ерекшелігімен толығырақ оқуға да септігін тигізеді. Зерттеушілердің пікірінше, рөлдік ойын, оның табысы көп

жағдайда оқытушыға байланысты. Ол оқытушының ұйымдастыру және өткізу қабілеттеріне қатысты. Рөлдік ойындарда міндетті түрде тіл үйренушілердің өзара әлеуметтік рөлдік қатынастары қалыптасады. Рөлдік ойын сөйлеу мәдениетін дамытуға да өз септігін тигізгені анық. Ол болашақ маманның өзін-өзі ұстай білу қабілетін, мамандыққа қатысты терминдерді қолдана білу деңгейін дамытады. Сөйтіп, ойын – сауатты сөйлеу, дұрыс тыңдап, түсіну деңгейлерін жоғарылататын, қатысымдылыққа жетелейтін құралдың бірі болып табылады. Ол – үйренушілерді шет тілінде сөйлету құралы. Сабақ сөйлеу әрекетіне негізделуі керек. Шет тілі сабағында ойын ойнату және шет тілі пәнінің басты мақсаты – ойын арқылы шет тілінде сөйлету негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Ойынның құрылымын оқу әрекетіне салғанда оқу үрдісін мақсатты қатысым үрдісіне айналдыруға болады. Мәселен, үйренушілерге бірдей екі нәрсені, не болмаса суретті көрсетіп, осы екі нәрсенің арасындағы айырмашылықтарды атап беріңіз деген кезде, олар оны оқу үрдісінің мақсаты деп қабылдамайды. Ол тіл сөйлету мақсатына жету құралы болып табылады. Соңында айтарымыз, кез-келген тақырыпқа сабақта рөлдік ойындар ойнатудың тиімді екені анық.

Ойын арқылы студенттің білімі мен бейімін, жеке тұлғалық қасиет-қабілеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттелген. Ойындардың қажеттілігін іріктеп ала білу-ұста шеберлігіне байланысты. Оқушының тілін дамытуда сөздік ойындарын қолдану тиімдірек. Сондай ойындардың бірі – Керекті сөзді тауып айт. Ойынның мақсаты – қажетті сөздерді дұрыс тауып айтуға жаттықтыру, оқушы зейінін қалыптастыру. Сабақ барысында студенттердің қызығушылығы, зейіні, тілін дамыту үшін дидактикалық ойындар мен тапсырмалардан басқа грамматикалық ойындардың орны ерекше. Яғни құзіретті тапсырмалар арқылы студенттің тілімен, оқуға деген және пәнге деген ынтасы артады. Сабақта тиімді қолданылған ойын студенттердің грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды. Грамматикалық ойындардың ерекшеліктері бар. Бұл ойын әр түрлі жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Ойын сабақтың әр бөлігінде мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде, өткенді қайталауда, пысықтау сабақтарында пайдаланылады.

Сонымен, ойын келесі маңызды міндеттер: студенттің қоғамдық қатынастарына бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі; студенттің шынайы адамгершілік коммуникацияға ерекше мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылуы. Студенттің әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Жоғары оқу орындарындағы студенттерге білім беруде ойын түрлерін қолдану ойын түрінің іскерлік ойын түрі қолданылып жүр. Іскерлік ойын дегеніміз не? Іскерлік ойындар іс-әрекеттің түрлі салаларында мамандарды болашақ кәсіптеріне бейімделу барысында қолданылады. Ойынның жемісті болуы, олардың мамандықтарына сай етілуі ойын түрінің таңдалынуында. Іскерлік ойынның тақырыбы студент білімін кәсіби іс-әрекет кешенді түрде қолдануға, олардың өз мамандықтары туралы сөйлеу шеңберінде өрлеуі және кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде игеруге барынша жағдай жасауымыз қажет.

Ағылшын тілін оқыту барысында студенттермен Applying for a job (Жұмысқа қабылдау) атты ойынның өткізу әдістемесі қарастырсақ. Бұл ойын тақырыбы студенттер үшін өте маңызды, пайдалы және өзекті болып табылады.

Рөлдік ойынның құрылымы:

1) Ойынға дайындық

Ойын жүргізушісі (оқытушы):

Ойынды түсіндіреді (жұмысқа орналасу)

Рөлдерді бөледі (кадр бөлімінің басшысы, қызметкерлер менеджері, оқытушылар);

Ойынға қажет құжаттарды әзірлеуге нұсқау береді.

Ол барлық ақпаратты ауызша немесе жазбаша береді. Оқытушы өз бетімен рөлдердің психологиялық ерекшеліктеріне және тілді білулеріне байланысты рөлдерді бөледі немесе студенттердің өздерінің бөлінулеріне мүмкіндік береді. Жұмыс рөлдерден гөрі жұмыс іздеушілер саны көбірек болу керек.

Ойынға қатысушылар:

Өз бетінше ойынға дайындалады (жұмыс берушілерге хат дайындайды, резюме жазып, жұмыс берушіге түрлі сұрақтар әзірлейді және т.б.)

2) Ойын мақсаты

Бұл ойын мақсаты студенттерге қалыптасқан әдеттерді және сөйлеу, тыңдау, жазу, есептерін қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар экстралингвистикалық мағлұмат мүмкіндік ашады (сұхбаттасуға барғанда киім үлгісін таңдау, өзінді қалай ұстау, жұмыс істеу мен жұмысқа тұрушының арасындағы өзара сұрақтар және т.б.). Тағы студентке жұмысқа қатысу мүмкіндігі беріледі. Осымен ойын құрылымы анықталады.

3) Ойынның уақыт тәртібі

Ойын әрбір аудиториялық сағатқа есептелген

4) Ойын шарттары

Times газетінде бірнеше күн бұрын Британ компаниясында хатшы/бухгалтер жұмысы туралы хабарландыру шықты. Бір топ студенттер жұмыс іздеуші, ал келесі топ жұмыс берушілер рөлін атқарады. Жұмыс іздеушілер жұмыс берушілерге резюме жазып және оларды сұхбаттасуға бір адамнан шақырады. Соңында біреуіне жұмыс беріледі.

5) Ойын тәртібі

Хабарландыру берілді

Хабарландыру жақты сипатталады

Кадр бөлімінің басшысы: сұхбаттасу алдында жұмысқа тұрушылардың резюмелерін талдайды. Оларға қоятын сұрақтарын ойластырады. Жұмыс мәнін және оны жұмысқа алса не керек екендігін түсіндіреді. Сұхбаттасу қорытындысын талдайды, ең мықты жұмыс берушіні таңдайды және өзгелерге жариялайды.

Қызметкерлер менеджері: сұхбаттасу алдында жұмысқа тұрушылардың резюмелерін талдайды. Жұмыс іздеушіге қоятын сұрақтарын ойластырады. Жұмыс мәнін және оны жұмысқа алса не істеу керек екендігін түсіндіреді. Ол жұмыс іздеушіге мынадай критерилер баға қою керек: сыртқы келбет, жалпы әсер, сөйлеу мәнері, сұраққа жауап беру. Жұмыс іздеушінің сұрақ қоюына мүмкіндік береді. Сұхбаттасу қорытындысын талдайды, жұмыс берушімен талқылайды, ең мықты жұмыс іздеушіні таңдайды және өзгелерге жариялайды.

Жұмыс іздеушілер: жеке мәліметтерін пайдаланулары керек. Жұмыс берушіге хат жазып және оларға сұрақтарын қоюға және өзіне қойылатын сұрақтарға жауап беруге әзір болады (міндеті, жалақысы, әріптестері, мансаптық өсу және т.б. жайлы). жеңгенді белгілеуді ұмытпау керек.

6) Құжаттар

Бос орын туралы хабарландырудың үлгісі
Жұмыс берушіге жазатын хат үлгісі
Резюме үлгісі
Бағалау мәліметі
Қатысушының сертификаты
Жеңімпаздың сертификаты

7) Ойын қорытындысы

Оқытушы студенттермен бірге ойынды талдайды және қателерді түзеу бойынша жұмыс ұйымдастырады.

Ойын барысында студенттер тегіс қатысып, белсенділік көрсетулері арқылы. Осылайша студенттердің теориялық білімдерін практикада жүзеге асыруларын қамтамасыз етеді. Осылайша дағдыландырта аламыз. Сабақта грамматикалық ойын түрлерін меңгерту студенттерден алған білімдерін одан әрі дамытуға, тереңдетіп, олардың ізденімпаздығын арттыруға және өрістерін кеңейтуге, шығармашылық қабілетін дамытуларына, оқып үйренуге белсенділік арттыру мақсаттарын алға қоя отырып, білім алуларына жол аша аламыз. Ойын туралы қолдануда, әрине, жас ерекшеліктеріне сай қолданып отырамыз.

Соңғы кезде уақыт көрсетін отырғандай, оқытушымен салыстырғанда студентте ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі талаптар қойып отыр. Сондықтан әрбір оқытушы өз қызметіне ақпараттық технологияларды пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттандырудың қажетті шарығайналып отыр.

Қорытындылай келе, ойын оқу материалын қызықты да тартымды қылып студенттердің көңілді күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сапалы ұйымдастырылған іскерлік ойынды кез келген оқытушы өз сабағында ұтымды қолдана алады. Сабақ барысында ойын арқылы дамытылған арналған тапсырмалар жүйелі бағыттталып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана оқытушының сабақ мақсатына жеткізуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Практические рекомендации по организации и проведению ролевых игр на иностранного языка, Алматы, 2001.
2. Мектептегі шет тілі, Алматы, 2003.
3. Б. Иманбекова Жаңа педагогикалық технологиялар, Алматы, Қазақ тілі әдебиеті, ғылыми-педагогикалық әдістемелік журнал. 2003, № 7.
4. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей / Под. Ред. П.И. Пидкасистого. – М: Педаг. Общество, 1999. – 640 с.
5. Г.Қ.Нұрғалиева. Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы, – Алматы, 1999.
6. Оконь В. Введение в общую дидактику. – Москва: Высшая наука, 1990.